

КАЗАҚ
УНИВЕРСИТЕТІ
БАСПА ҮЙІ

Н.Қ. Тоқсанбаева

**ТАНЫМДЫҚ
ІС-ӘРЕКЕТКЕ
КІРІСПЕ**

ӘОЖ 373
КБЖ 74.262
Т 53

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
философия және саясаттану факультетінің
Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесі
шешімімен ұсынылған
(№4 хаттама 19 маусым 2020 жыл)*

Пікір жазғандар:

психология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.
Н.С. Жубиназарова
психология ғылымдарының докторы, профессор
М.Ә. Пертебетов
психология ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.
М.А. Еркінбекова

Тоқсанбаева Н.Қ.

Т 53 Танымдық іс-әрекетке кіріспе: оқу құралы / Н.Қ. Тоқсанбаева. – Өңд., толықт. 2-бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 164 б.

ISBN 978-601-04-4695-3

Оқу құралында оқыту процесіндегі бастауыш мектеп оқушыларының танымдық іс-әрекетін дамытуды теориялық және тәжірибелік зерттеу жолдары толықтырылып екінші рет басылымға ұсынылып отыр.

Мұнда оқыту процесі жүйесіндегі танымдық іс-әрекеттің деңгейі арнайы құрастырылған әдістемелермен зерттеліп, педагогикалық-психологиялық бағдарламасы құрылып, әдістемелік нұсқаулар қарастырылып, психологиялық диагностикалық картамен жұмыс жүргізу жолдары көрсетілген.

Бұл оқу құралы жоғары оқу орындары студенттеріне, магистранттарына, докторанттарына, мектеп мұғалімдеріне және психологтарға арналған.

ISBN 978-601-04-4695-3

**ӘОЖ 373
КБЖ 74.262**

© Тоқсанбаева Н.Қ., 2020
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2020



АЛҒЫ СӨЗ

Еліміздің болашағы саналатын ұрпақ тәрбиесінде, оқу процесінде өркениетті қоғам мен құқықтық мемлекеттің, нарықтық экономика кезеңінің қалыптасуы өскелең ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениетін, еркін ойлау қабілетін, шығармашылық, кәсіби біліктілігі мен білімділігін керек ететіні белгілі.

Қазіргі таңда жалпы білім беретін мектептердің дамуында оң өзгерістер байқалады, оқыту мазмұны жаңарып, жаңа типті оқу орындары көбейде. Мұнда балаға табиғатынан берілген тума қасиеттерінің қоғамдық саяси-әлеуметтік жағдай, іс-әрекет пен қарым-қатынас сияқты негізгі күштермен өзара ұтымды байланысы арқылы саналы азаматтық көзқарасының қалыптасуына мүмкіндік беріледі.

Әрбір балаға жеке тұлға ретінде қарап, оның өзіне тән санасы, еркі, өзіндік әрекет жасай алатын ортасы бар екенін ескере отырып, оқушының білімге, ғылымға деген ынтасын арттыру, олардың ақыл-ой қабілетін, диалектикалық дүниетанымын, өмірлік мақсат-мүддесін айқындауға, жеке басының қасиеттерін дамытып, оны қоғам талабына сай іске асыруға көмектесу мектеп өміріндегі үздіксіз оқу-тәрбие процесінің ғана жемісі болып табылады.

Оқыту процесі жүйесіндегі басты мақсаттардың бірі бастауыш мектеп оқушысының танымдық іс-әрекетін дамытып, білімді менгертуге негіздеу болып табылады. Мектептегі арнайы ұйымдастырылған оқыту процесінде танымдық іс-әрекет құрылады және ол күрделі психологиялық білім бола отырып, оқыту процесінің өзімен қоса өрістейді.